

АРТЫНДА ЖАҚСЫ ІСІ ҚАЛҒАН ЖАН

ЭССЕ

Жидебек Шормақұлы (1948-2021) екеуміз жарық дүние есігін бір ауылда, бір жылда аштық, туу туралы куәлігімізді бір ауыл кеңестен алдық. Бір өзеннің бойында ойнап, бір өзеннің суына түсіп, бірге өстік. Бір мектепте оқыдық, бір мектептен орта білім туралы аттестат, «Механизатор-животновод» деген кәсіптік біліктілік алдық. Бір ауылдан түлеп ұштық.

Мектепті бітірген жылы мамыр айында сыныптағы ұл-қыздар Таластың бойына сейілдеп шықтық. Жидебек екеуміз бірдей киініп бардық. Жидебек, Қанжан, Бақытжан, Сырымбет, Тұрымтай, Аманалы, Скендір, мен - бәріміз тізіліп қалған екенбіз, қыздардың бірі қатар тұрған Жидебек екеумізге қарап: «Екеуіңнің киімдерің, гастуктеріңе дейін бірдей, егіз қозыдай боп қалыпсыңдар ғой», - деген. Екінші бір әуесқой: «Бұлар егіз ғой, өздері де бірдей», - деп қалды. «Иә, бірдей емес», - дейді қыздардың бірі. Жидебек екеуміз достарымыздың әзіл-шыны аралас мамырдың самал лебінде желпіген сөздерін езу тартып тыңдадық. Жігіттердің бірі Таластың қызғалдағын теріп әкеліп, қыздарға бір-бірден сыйлады. Қыздар оны шаштарына қыстырды. Қызғалдақтар құлпыра түсті. Осы сурет күні бүгінгідей көз алдымда.

Мектепті бітірген соң, әрқайсымыз әр жаққа бет алдық. Біразымыз механизатор болды, біразымыз жоғары оқу орындарына оқуға қабылданды, біразымыз қайта оралды. Қайта оралғандардың өзі бір топ: Жидебек, Аманалы, Аязбай, Оразбек, мен... Оразбек - статтехникумда, Аманалы - Құландағы веттехникумда, мен – Абай атындағы педучилищеде, Жидебек, Аязбай – автомектепте. Келесі жылы жоғары оқу орнына қайта бармақпыз. Аптасына бір рет Әулие атада кездесіп, әңгіме-дүкен құрамыз, арманымызды айтамыз. Әулие ата Қараханның мавзолейінің күншығыс жақ бүйірінде судың ескі арнасы болатын, ұзыннан-ұзақ созылып жатқан сайға ұқсайды. Жағалай өскен аққайың. Сайдың бойына көлеңкесін түсіріп тұрады. Күзге салым сайдың табаны, айналасы сарала жапырақтарға толып жатады. Күзгі күннің сәулесі қалың қайыңның сарала жапырақтарына түсіп, алтынның нұрындай балқып, толқиды. Аманалы оған «Саржайлау» деп ат қойды.

Саржайлау бәрімізге жайлы, ыстық көрінеді. Аманалы гитарын шертіп, жыр толғайды. Жырды өзі шығарып, өз әуенімен айтады. Кейде Аманалыға:

- Өз жырыңды жырлай бергенше, басқалардың жырын да айтсаң қайтеді? – дейміз. Аманалы біздің сұранысымызға қатысты біраз мақтау сөздерін айтады да:

- Мен сендерді жанымдай жақсы көремін. Сендер – менің ең жақсы достарымсыңдар. Мен ең жақсы көретін достарыма өзімнің ең жақсы жырларымды жырлаймын, - дейді. Сөзі салмақты, үні салдарлы, жүзі салиқалы.

Жидебек:

- Мен өз жырын өзі жырлаған жыршыны жақсы көремін, - дейді.

Оразбек:

- Жыршының өз жырын жырлағаны жақсы, - деп деп қостау сөзін айтады. Аязбай, мен екеуміз оларды үнсіз тыңдаймыз. Жердегі жапырақтар да, төбемізден төніп тұрған жапырақтар да соны қалайтындай. Анда-санда тал басынан үзілген жапырақтар қалықтап бара жатады. Сондай сарала жапырақтардың бірі қалықтап ұшып, Аманалының иығына қонды. Бәріміз үнсізбіз. Жидебек қана тіл қатып:

- Міне, көрдің бе, сенің толғауларыңды жақсылап тыңдау үшін мына жапырақ та сабағынан өз еркімен үзіліп, сенің иығыңа келіп қонды.

Аманалы жадырап, жүзі нұрлана түседі:

Сағыныш қой,

Сағыныш қой сарала жапырақтар... –

деп Тұманбай ағасының өлеңін айтып толғанды. Сарала жапырақтарды өз көңіліміздегі сазбен салалас қабылдадық. Әрқайсымыздың көкірегімізде сарғайған бір арман, сарғайған бір сағыныш, сарғайған бір аңсау бардай, мұң да жоқ емес. Аманалының салған сазы бәріміздің көңілімізді толқытты. Неге өз жырыңды толғамадың деп айтпадық.



Солдан оңға қарай. Бірінші қатарда Бақытжан, Жанғара,
екінші қатарда Жидебек, Қанжан.

1968 жыл

Күндердің бірінде Саржайлауда маңызды мәселе талқыланды. Біздің достарымыздың бірі қаланың бір жігітімен қатты керісіп қалса керек. Аяғында ол біздің досымызды жекпе-жекке шақырыпты. Топ болып келетінін айтып, алдымен жекпе-жекке, содан кейін жаппай төбелеске шығуға шақырыпты. Жалтаруға болмайды екен, біздің достарымыз да жиналатын болды. Көмекке қаладағы екінші бір топтың жігіттерін шақыратын болдық. Жекпе-жекке кімді шығарамыз дегенде, менің ойымда Жидебек болған. Бірақ үндемедім.

Жігіттердің бірі Жидебектен гөрі денелі Аязбайды атады. Соған келістік. Келіскен күні белгіленген жерде жиналды. Қарсы жақ та келді. Жинап әкелгендерінің көбі - интернаттың балалары екен. Бірқатары интернаттың темір төсектерінің аяғындағы темірлерді суырып алып, қолдарына қару қылып ұстапты. Кішігірім темір шоқпар сияқты.



Оңға қарай: Жидебек, Сырымбет, Жанғара
Жамбыл, 1967 жыл

Жекпе-жек басталды. Аязбайдың қарсыласы одан сәл мығымдау көрінді. Жекпе-жек біраз уақытқа созылды. Екеуі де әбден шаршады.

Жидебектің ұсынысымен біздің жігіттер қарсы жақтың бастаушыларына сөз тастап, мәмілеге шақырды, интернаттың оқушыларына қарсы ұрысқа шықпайтынымызды мәлімдеді. Өз тарапынан достық қолын ұсынды. Сонымен жекпе-жек тоқтады. Қиыннан қисын тауып, екі тарапқа бірдей оңтайлы шешімге қол жеткізген Жидебекке дән риза болып тарадық.

1968-1969, 1969-1970 оқу жылдарында ауылда бастауыш сынып мұғалімі болдым. Жидебек Отан алдындағы борышын өтеуге әскерге шақырылды. Хат жазысып тұрдық. Ауылдың айналасында жусан өседі. Жидебек жусанның шығу тарихы туралы атасынан естіген аңызды айтатын.

Жусан туралы аңызды екеуміз де жақсы көрдік. Жусанның бұрқырап мұрын жарған исінде қасиет бар деп сезіндік. Бір жолы Жидебекке ауылдан жазған хатыммен бірге жусанның бір тал сабағын салып жібердім.

Жидебек әскерден келгенде, мен ҚазҰУ-да студент едім. Жидебек Жданов совхозының (қазір – С. Шәкіров ауылы) орталық автопаркіне жұмысқа тұрыпты. Автопаркте бензин таситын машина жүрмей тұрады екен. Жидебек соны жөндеп, жүргізіпті. Қаладан бензин тасып, шаруашылықтың автокөліктерінің тоқтаусыз жүруіне қажетті жағдай жасауға жол ашыпты. Қалаға күн сайын қатынайды. Ауыл тұрғындарының той-томалағына, күнделікті тіршілігіне қажетті заттарын тізім бойынша тоқтаусыз әкеліп беріп, ауылдастарының көңілін жадыратып, мерейін өсіреді. Ауылдың үлкендері батасын беріп, кішілері жүгіріп келіп сәлемін беріп, Жидебек бүкіл ауылдың қадірлісіне айналады. Совхоз директоры Жидебектің кісілігін, іскерлігін, тиянақтылығын танып, оған жаңа бір міндет жүктейді: көптен бері бұзылып, жүрмей тұрған, аңғал-саңғалы шыққан үш өсі бар алты дөңгелекті бір үлкен әскери жүк машинасын беріп, соны жөндеп, жүргізіп, жұмысқа шығуды тапсырады. Жидебек жыл бойы сол машинаның кем-кетігін тауып, істен шыққан тетіктерін жаңартып, моторын ашып, қозғалатын механизмдерін түгел жөнге келтіріп, кузовына дейін жаңартып, алты дөңгелегінен тік қойып, ақыры жүргізеді. Өзі де машина механизмдерінің асқан білгірі болып алады. Сол машина құм ішіндегі малшыларға қысы-жазы бірдей қатынайтын бірден-бір сенімді көлік болады. Шаруашылық басшысының да, құмдағы малшылардың да тынысы ашылып, жадырап қалады.

Жазғы бір каникулға келгенімде, Жидебек мені құмға ала кетті. Құмда отырған малшылардың үйлерін бір құдықтың басынан екінші құдықтың басына, қайбірін Таластың жағасына, Төлебайдың төсіне көшіріп қондыру керек. Көп жағдайда үйді жығатын да, буып-түйетін де, машинаға артатын да, түсіріп, тігетін де өзі екен. Ай бойы Жидебектің қасында болдым. Бетпақ даланы шарлап, неше түрлі жол, неше түрлі жер көрдім, неше түрлі жақсы адамдармен кездесіп, олардың ел мен жер туралы әңгімелерін естідім. Құм адамдары Жидебекті жандары қалмай құрметтеп қарсы алады. Құм адамдарының алдында досымның абыройы өте жоғары екенін көрдім. Олардың Жидебекке деген ақ пейілдері мен ыстық ықыластарын сезіп, менің де жүрегім елжіреді. Қандай жақсы адамдар еді. Осындай асыл адамдардың бірінің үйіне кешқұрым жеттік. Басымда күнге киетін қалпағым бар еді, оны машина кабинасына бекітілген жолайнаның басына іліп, үйге кірдік. Үй иесінің құм туралы әңгімелерін тындадық. Таңертең көш қамымен сыртқа шықтық. Үй иесі қойларын ерте өргізіп, қонатын құдығын бетке алып жолға шығып кетті. Қалпағымды киейін десем, ілген жерімде жоқ. Жел ұшырып кеткен-ау деп ойладым. Үйді жығып, буып-түйіп, машинаға артып, жолға шығуға дайындала бастағанда, үйдегі жеңгей қалпағымды қолыма беріп: «Жатқан қойлардың астында қалыпты. Бай боласың», - деп жақсы тілегін айтты. Жеңгейдің жақсы тілегінен көңілім өсті. Жидебек: «Бай болсаң, менімен бөлісесің ғой», - дейді. Мен: «Бөлісемін», - деймін. Үйді жаңа қонысқа көшіріп әкелдік. Үйдің керегесін жайған соң, Жидебек маған шаңырақты

көтерткізді. Өзі уығын қадады. Жидебек үйді тігіп, үй іші заттарын ішке кіргізіп жайғастырып берді. Мен - көмекшімін. Жеңгей кішкентай балаларының бірін көтеріп, бірін жетектеп, Жидебекке разылығын білдірді, батасын беріп, ізгі тілектерін айтты, маған да жақсылық тіледі.

Жолға шықтық. Кісіге ақ пейілмен жасаған көмектің кісінің мерейін өсіретінін, ізгілік нұрына бөлейтінін сезініп, ерекше күйге түсіп келе жаттық.

Құм ішінде көптеген биік белдеулер бар, оларды жал деп атайды. Жалдан асып түсуге жай машиналардың шамасы жетпейді, Жидебектің алып машинасының алты дөнгелегі бірдей айналады, қандай биік жалдан да асып өтіп жүре береді. Әр жалдың, әр құдықтың, әр төбенің аты бар, атының айналасында аңыз боп айтылатын көл-көсір тарих бар. Әр құдыққа алып баратын жол бар. Жидебек құм қойнауындағы жолдарды жатқа біледі. Қолында құмдағы жолдар, құдықтар, жалдар мен төбелер көрсетілген жолқартасы бар. Жолқартаны өзі жасаған.

Құмның түнгі аспаны, жұлдыздар жарығы – өзінше бір керемет әлем. Әр жұлдыздың өзі - бір-бір аңыз. Ұшы-қиырсыз құм даланың бір жалынан асып түскенде, Жидебек бұл жердің ерекше қасиеті барын айтты. Көктемде бұл жерден өту қауіпті. Көктемде жал қойнауындағы өсімдіктер гүлдегенде, оның жұпар исі бүкіл ауаға тарайды, ал ауа талай дертке шипа болады. Сол ауаны көп жұтқан адамдар басы айналып, жүруге жарамай қалатын болса, шипалы ауамен өлшемін, мөлшерін біліп дем алған адамдар тыныс жолы ауруларынан құлан таза айығып шығады екен...

Жидебектің осы көл-көсір тарихтың тереңіне бойлап, айдынында қалқып жүргенін көріп сүйсіндім. Сол тарихтың шет жағасының кейбір қыры мен сырын аңғарғанымның өзінен теңдессіз мол қазына тапқандай күй кештім. Жидебекпен бірге құм ішінде өткізген бір айда көріп-білгенім бұған дейін білгенімнен, білдім дегенімнен әлдеқайда ғибратты, тағылымды болды.

Жидебектің еңбегін қарапайым еңбекші халық, шаруашылық бастықтары, аудан басшылары жоғары бағалады. Қандай ортада да сыйлы, абыройлы болды. «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды, Екінші дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен наградталғанда, Жидебек «Еңбек даңқы» орденінің үш дәрежесін толық алған адамның мәртебесі Еңбек Ері мәртебесімен бірдей деген. Кейінірек еңбектегі ерен табыстары үшін «Еңбек даңқы» орденімен тағы марапатталды. Бірінші, екінші, үшінші дәрежелі «Еңбек даңқы» ордендері Жидебектің кеудесінде қаз-қатар тізіліп тұрды. Мен үшін Жидебектің Еңбек даңқына бөленгені Еңбек Ері даңқымен парапар еді.

1982 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне сырттай оқуға келді. Келгеніне қатты қуандым. Ол кезде мен осы университетте оқытушы болатынмын. Заң факультетін таңдап келгенін естігенде, ойланып қалдым. Заң мамандығын алып, прокурор болып айыптаудың да, сот болып соттаудың да, тергеуші болып тергеудің де ауыртпалығы болатынын айтуға оқталғаным есімде, бірақ айтпадым-ау деп ойлаймын. Университетте оқып жүріп, өзінің сүйікті жарымен табысты. Баян ол кезде аспирантурада оқиды екен. Мамандығы – математика. «Студент жігіттің аспирант қызымен қашан танысады екенбіз», - деп әзіл айтатынмын.

Сөйтіп жүргенде төрт айға іссапарға шығып кеттім. Студент жігіт пен аспирант қыз осы кезде үйленіп, тойын өткізді. Тойға балаларым шешесімен бірге қатысыпты. Қуандым. Екеуіне ең ізгі тілектерімді тіледім. Дүниеден өткен ата-аналарымыз үшін де.



Солдан оңға қарай: Жанғара, Қанжан, Жидебек, Бақытжан
Алматы, 1968 жыл

Жидебек университетте оқып жүріп, классикалық білім алды. Оқуын бітіріп, дипломын қолына алғанда, сот болуға да, прокурор болуға да, тергеуші болуға да талап қылмайтынын, азаматтардың құқығын қорғаушы болмақ ойы барын білдірді. Мен досымды қостадым. 1988 жылы университетті бітіріп, кәсіби қызметін заңгер болып бастады, 1993 жылдан 2021 жылдың сәуіріне дейін адвокат болып халыққа адал қызмет етті. Баян Жамбыл мемлекеттік университетінің Қаратаудағы филиалында өз мамандығы бойынша математика пәнінің оқытушысы болып ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, халық шаруашылығын жоғары білімді мамандармен қамтамасыз ету ісіне үлкен үлес қосты, сол қызметте құметті демалысына шықты. Демалысы немерелерін мектепке апарумен, сабаққа дайындаумен көңілді, көрікті мазмұн тапты.

Адвокат – көптің құқығын қоғамдық қорғаушы. Көптің құқығын қоғамдық қорғау – қоғамдық қызмет. Қоғамдық қызметтегі қайраткер – қоғам қайраткері. Жидебек аудандағы қарапайым адамдарға ең жақын, олардың

құқықтық сұраныстарын шешуге қолма-қол және ешбір шарт қоймастан көмектесетін тұрлаулы тұлға, қайырымды қоғам қайраткері болды.

Жидебек адвокат болып қызмет етіп жүрген кезеңде Жамбылда бір үлкен халықаралық ғылыми конференция өтетін болды, сол конференцияға қатысуға университеттен оннан аса ғылым докторлары, профессорлар, академиктер келдік. Конференция аяқталған соң Қаратаудағы Жидебектің үйіне барып қонатын болып келістік. Конференция ойдағыдай өтті. Біз тобымызды жазбастан, Қаратауға келіп, Жидебектің үйіне түстік. Өзімнің: «Қырықтың бірі - Қыдыр. Ғылым мен білім саласындағы елдің бетке ұстар топ қайраткерлерінің бірі болмаса, бірінен қасиет жұғар», - деген ойым бар. Жидебек пен Баян жарқырап қарсы алды. Жаннұр мен Ақнұр кішкентай. Қонақтар үлгілі әңгімелерін айтты, үй иелеріне разылығын білдіріп, батасын берді. Ертеңіне қайттық. Жидебек Билікөлге дейін шығарып салды.

Сондағы кішкентай Жаннұр мен Ақнұр орта мектепті алтын белгімен бітірді, университетті қызыл дипломмен бітірді. Бүгінде жоғары білімді экономист. Жаннұр – экономист-кәсіпкер, екі баланың анасы, жолдасы өзімен бірге бизнес саласында. Ақнұр экономика бойынша ғылым докторы, ұлттық университеттің экономика және бизнес жоғары мектебі бастығының ғылыми-инновациялық жұмыс пен халықаралық қатынастар жөніндегі орынбасары, ғылыми журналдың редакторы, әлемнің бірнеше іргелі университеттерінде лекция оқып жүрген тәжірибелі лектор, қатарының алды.

2011 жылы Жидебек Қаратауда достар форумын өткізді. Әуелде бұл қалай болар екен дедік. Жидебек форумда әңгіме болатын тақырыпты айтты: «Құмырсқа және біз». Достарымыздың бірі бұл басқосуымызды «Қаратау форумы» деп атады. Форум үш күнге созылды. Жидебек, Сырымбет, Бақытжан, Қанжан, Скендір, мен – бәріміз құмырсқа туралы әңгіме-дүкен құрдық. Бір-бірімізді, баяғы балалық шағымызды сағынып қалыппыз. Әңгімемізді үш күнде жинақтап бітіре алмадық. Жидебек форумға қатысқандардың құмырсқа туралы ойларын жинап, реттеп, маған жіберетін болды. Көп ұзамай Жидебек форумда айтылған ойларды жинап, реттеп, маған жіберді. Оған «Құмырсқаға құрмет» деп ат қойыпты. Мазмұнды, мағыналы, бас-аяғы бүтін бір тамаша еңбек болып шығыпты. Мен оны «Абай институтының Хабаршысы» журналына ұсындым. «Құмырсқаға құрмет» 2011 жылы журналдың 12-номерінде жарық көрді:

[https://abai.kaznu.kz/pdf/Abai_habarshysy_6\(12\)2011.pdf](https://abai.kaznu.kz/pdf/Abai_habarshysy_6(12)2011.pdf)

Кейбір кезде «Құмырсқаға құрметті» қайталап оқимын. Оқысам, көңілім толқиды. Соны форумға қатысушылардың мектептегі фотосуреттерімен шағын бір кітапша етіп шығарсам деп ойлап жүрдім. Форумға қатысқан достарымнан Скендір, Бақытжан, Жидебек бақиға кетті. Алла рақым етсін рухтарына. Осы күнде Жидебектің «Құмырсқаға құрметі» біздің бәріміздің бір-бірімізге деген құрметіміз екен-ау деп ойланып қалатын болдым.

Жидебек кәсіби қызметінде әрбір іске ғылыми нақтылық, ғылыми негізділік, логикалық жүйелілік тұрғысынан қарады. Қажетті мәліметтерді, дәлелдерді іздеу, табу, саралау, сараптау, тиісті тұжырым негіздеу, өз сөзі ғана емес, айыптаушы тараптың сөзін де осы талаптарға сай бағалау – жүйелі

ойлауға тән ұстанымдар. Басына іс түскен адамның құқығын қорғау, ақтың ақтығын дәлелдеу қорғаушының ойлау жүйесіне, кісілік келбетіне байланысты мүмкін болмақ. Қорғаушының кісілік келбетінің басты құрамдастарының бірі - кісілік негіздің мызғымас беріктігі. Кісілік негіздің мызғымас беріктігі – білім мен ғылымда, білім мен ғылымды кісілікпен жұмсаудың кілті - ақылда. Терең білім, кемел ақыл болған жерде кісілік те табылады. Жидебек білімі терең, кісілігі кемел жан еді.

Мектепте қалыптасқан жүйелі ойлау, теоремаларды дәлелдеуге, есепті кері шығаруға жүйріктік адвокаттық қызметте кәсіби кемел құзіреттіліктің қалыптасуына негіз болды. Өзінің қисындарын, тұжырымдарын силлогизм жүйесінде құқықтық тұрғыда бұлтартпас дәлелдермен негіздеу, сөзін дәл, анық та айқын, салмақты, өткір де өтімді айту оның адвокаттың еңбегінің басты ерекшелігі болатын. Ұрыста «Жеңіске жеткізетін жолдың бәрі жақсы», - деген сөзді адвокаттық қызмет аясында ұстаным ретінде қолданушылар да кездеседі. Жидебек бұл ұстанымға қарсы болды, өз тәжірибесінде мұндай жолды теріс деп білді, нақты дәлелі, дәйегі жоқ пікірден аулақ болды, әділет жолын қорғады, халықтың, көптің азаматтық мүддесіне, ұлттық танымына сай таңдау жасады, кәсіптік және кісілік әдебін сақтады. Өз құқығын қорғауға мәжбүр болған жандарға ақыл-кеңесін беріп, оларды қолдау, қорғау шараларын заң негізінде және кәсіби шеберлік деңгейінде жүргізді. Жағдайы жоқ, жалғыздікті, жоқ-жітік жандардың құқығын қайырымдылық жолмен қорғап, олардың түрлі әлеуметтік сұраныстарын шешудің құқықтық жолдарын ашты. Қарапайым жұрттың өмірге, адамға, болашаққа деген сенімін нығайтты, халықтың азаматтық танымын кеңейтті, елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, құқықтық мәдениетінің артуына, адамдардың кісілік болмысының жақсаруына зор еңбек сіңірді.

Асыл бауырым, ардақты досым Жидебек Шормақұлының дүниеден өткеніне жыл толды. Артында көптің игілігі үшін жасаған жақсы ісі қалды. Марқұмның рухына Алладан рақым, пайғамбарымыздан шапағат сұраймын. Жанұясына, жары мен балаларына, немерелеріне, туған-туыстарына, ел-жұртына амандық-саулық, құт-береке тілеймін. Артында жақсы ісі қалған жан өлсе де өлмегенмен тең.

Жанғара Дәдебайұлы,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор